«Транстелеком» АҚ
2023 жылдың 22 маусымдағы
№15///2023
Басқарма шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

2023 жылға арналған «Транстелеком» АҚ экология саласындағы мақсаттары

Экологиялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу және негізгі қағидаттарын іске асыру үшін Қоғам келесі мақсаттарды қамтамасыз етуге ниетті:

1. Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету:

1.1 Қажетті шарттар мен рұқсат құжаттарының болуы және уақтылы ресімделуі;

1.2 ҚОҚ саласындағы Қоғам қызметіне қойылатын өзге де заңнамалық белгіленген талаптарды сақтау.

2. Қол жетімді ең үздік технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға кері әсерді азайту арқылы экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру:

2.1 Телекоммуникациялық қызметтер көрсету процесінде меншікті энергия тұтынуды азайту;

2.2 Қоғам қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаның ластануын болдырмау. Қоғам үшін рұқсат беру құжаттарында белгіленген кері әсер ету деңгейлерінің асып кетуіне жол бермеу;

2.3 Нормативтік талаптарға сәйкес қоршаған ортаға кері әсерді жоспарлы түрде азайту, оның ішінде:

- атмосфераға ластаушы заттардың шығарылу көлемін азайту;
- тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың түзілу көлемін азайту;

2.4 Электрондық құжат айналымы жүйесін кеңінен қолдану арқылы қағаз тұтынуды азайту.

3. Қоғамдағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу:

3.1 Энергия үнемдеу әдістерін енгізу (қоғамда энергия мен суды аз пайдалану);

3.2 Қалдықтарды азайту.

4. Қоршаған ортаға кері әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін Қоғам қызметінің маңызды экологиялық әсерін анықтау, сондай-ақ оны төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру:

4.1 Қоғамда қоршаған ортаны қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті, өндірістік экологиялық бақылауды реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қалыптастыру және уақтылы өзектендіру;

4.2 Ластану мониторингі жүйесін ұйымдастыру, кері әсер ету деңгейлерін, ластаушы заттардың концентрациясын, тұтынылған ресурстардың, түзілген қалдықтардың мөлшерін жүйелі түрде өлшеу;

4.3 Қоршаған ортаға кері әсер ету объектілері мен көздеріне мерзімді түгендеу жүргізу;

4.4 Қоғам бөлімшелерінде экологиялық талаптар мен нормалардың сақталуына үнемі ішкі тексерулер жүргізу. Анықталған бұзушылықтарды жоюды бақылау;

4.5 Экологиялық тәуекелдердің ықтимал көзі болып табылатын қызмет түрлерін, өндірістік процестерді анықтау, экологиялық тәуекелдерді азайту және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында іс-шараларды жоспарлау. Қоршаған ортаға зиян келтірумен қатар жүретін авариялық жағдайлар туындаған жағдайда іс-шаралар жоспарларын дайындау және өзекті күйде ұстау.

5. Аумақтың өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен ластануын болдырмау:

5.1 Қалдықтарды пайдалануға, залалсыздандыруға, көмуге, кәдеге жаратуға мамандандырылған ұйымдарға уақтылы тапсыруды қамтамасыз ету.